Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Әже". Мақсат-міндеттер. Балаларды, әженің суретіне қарап, тақпақты мұқият тыңдап, педагогтің соңынан ілесіп, таныс сөздерді қайталауға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін,	"Мозаика" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың көзбен қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.		«Қамқорлық гүлі» Ойынның мақсат-міндеттер: мейрімділікке, ата-аналарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу .	"Туған елдің көктемі" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу. Мақсат-міндеттер. Балаларды көктем мезгілі туралы тақпақты тыңдап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету;

	жағымды эмоцияларды дамыту.				көктем мезгілі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы сәлемдесу. Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шыраймен қабылдауға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: “Ғарыш әлемі” Мақсаты: Балаларға ғарыш, ғарышкер, зымыран, аспан әлемі туралы түсінік қалыптастыру. Көрнекіліктер: Ғарыш әлемі туралы суреттер, ғарышкерлердің киімдері, зымыран	Сенсорика "Бұлақтар". Мақсат-міндеттер. Балаларды тігінен орналасқан қағаз бетін бақылап, жоғарғы жақтағы ағаштардың көлеңкелерінен төмен, қағаз ортасынан бастап, төменгі жағын солдан оңға қарай		Құрастыру "Қонжыққа төсек". Мақсат-міндеттер. Балаларды үш кірпіштен төсек құрастыруға үйрету; құрылыс материалдарының тұрақтылығы жөнінде ұғымдарын толықтыра отырып, олардың қасиетін іс-тәжірибеде тексеруге	Қоршаған орта "Бұлақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды табиғат құбылысын бақылау негіздеріне үйрету; аққан бұлақтың қозғалу ерекшеліктерін байқап, еріген қардан пайда болатын су туралы ұғымдарын қалыптастыру; балалардың жағымды

	макеттері	<p>жатқан иректерге, "бұлақтарға" толтыруға үйрету; қылқаламды бояуға малып, сол жақтағы нүктелердің біріне қойып, ұшымен иректесп, оң жақ шетке жеткізуге дағдыландыру; келесі иректерді, "бұлақтарды" біріншінің астына параллель салуға жаттықтыру; қылқалам түгін бояуға қайта малуға және жұмыстан кейін тіреушеге қою қабілетіне баулу</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Педагог жоспарымен</p>		<p>жаттықтыру; педагогтің тәсілдерін түсініп, орындау қабілетін дамыту; өз қимылдарын сөздер мен фразалар арқылы сүйемелдеуге шақыру; құрылыс нәтижесіне қарап, ойын желісіне қосылуға машықтау. Балалардың құрылыс материалдарының қасиеттерін қабылдай отырып, олардың кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, байқағыштығы мен ақыл-ойын дамыту.</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Педагог жоспарымен</p>	<p>эмоцияларға бөленулеріне жағдай жасау.</p> <p>Музыка</p> <p>Педагог жоспарымен</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Педагог жоспарымен</p>
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары).		Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу,	Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу,

	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды, ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p>	<p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды құмның бетін қоқымнан тазалауға шақыру. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p>		<p>сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)</p>	<p>сөйлеуді дамыту)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. (еңбек дағдылары)</p>
--	--	--	--	--	--

Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Төсектегі жаттығулар. Ұйқыдан ояғанда бірден төсектен тұруға болмайды. Біртіндеп тұру қажет. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Бесін ас	<p>"Қолды қалай дұрыс жуу керек».</p> <p>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.</p> <p>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Ертегілер елі</p> <p>«Бауырсақ» Мақсаты: ертегі мазмұнын түсініп, кейіпкерлерге жанашырлық танытады</p>	<p>Эстафеталық ойын</p> <p>«Допты лақтыру»</p>		<p>Қуыршақ театр</p> <p>«Үш аю» Мақсаты: ертегісін оқып беру. Балалардың сөйлеу, есте сақтау, тілдік қорын дамыту.</p>	<p>Қауіпсіздік ережесі</p> <p>«Қайшымен жұмыста абай болу»</p>

Балалармен жеке жұмыс	Раянаға әртүрлі түстерді ажыратуды үйрету.	Азиздің түсті қабылдау және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.		Алинұрды ертегіні мұқият тыңдауға тәрбиелеу.	Мариямға ағаштар туралы жеке әңгіме жүргізу.
Серуенге дайындық	<p>"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".</p> <p>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)				
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка)</p> <p>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояу, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу).</p> <p>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дамытушы ойындар. (сенсорика)</p>				

	Табиғат бұрышын қарастыру. (қоршаған ортамен танысу) олармен ойнау және эксперимент жасау.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Баланы көктем құбылыстарын бақылауға үйрету, байқату", "Балаға қар неге еритінін қалай түсіндіруге болады?", "Ана туралы тақпақтар".

Тексерген-----

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы

Тобы: «Балбөбек» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жасалған кезеңі: 13.03- 17.03.2023 ж.

Педагогтың аты-жөні: Егеубаева Л.Е , Касейнова Г.К

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Әңгімелесу. "Баланың Наурыз мерекесі жайындағы алғашқы ұғымдарын қалыптастырамыз", "Баланы Наурыз				

<p>әңгімелесу, кеңес беру</p>	<p>мерекесіне дайындыққа қалай қатыстыруға болады?".</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Ойын-имитация. "Әлди, әлди!"</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.</p>	<p>Саусақ жаттығуы. "Бесік жыры" (халық аузынан)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың көркем сөзді айта отыра, саусақтарды кезегімен бүгіп қимылдай білу, ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу.</p>	<p>"Шелпек" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың тілін дамыту, денсаулықты сақтау қағидаларына тәрбиелеу, қолдарды таза ұстауға баулу.</p>	<p>«Наурыз көжені дайында» ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: педагогтің сипаттамасынан кейін, сәйкес суретті таба білу.</p>	<p>"Туған елдің көктемі" тақпағын мәнерлеп оқу, суретпен танысу.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды көктем мезгілі туралы тақпақты тыңдап, қайталауға ынталандыру; жағымды эмоцияларға бөленуге үйрету; көктем мезгілі туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.</p>
<p>Таңертеңгі жаттығу</p>	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар. (дене шынықтыру)</p>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>				
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Сөйлеуді дамыту "Қуыршақ Дананы Наурыз мерекесінің дастарханына шақырайық". Мақсат-міндеттер. Балаларға Наурыз мерекесі туралы түсінік беру; күнделікті тұрмыста қолданылатын ыдыстар түрлерімен таныстыру және атауларын үйрету; дастарқан мәзірінің маңызы туралы ұғым бере отырып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру. Балалардың ыдыстар атаулары арқылы зейіні мен тілін, байқағыштығы мен дүниетанымын және есте сақтауын дамыту.</p>	<p>Сенсорика "Әдемі кілем". Мақсат-міндеттер. Балаларды салт-дәстүр ерекшеліктерімен таныстыра отырып, оқу қызметінде орындалатын біркелкі заттарды ортақ сенсорлық сипаттары мен көлеміне және түсіне сәйкестендіру қабілеттеріне үйрету; геометриялық денелер мен пішіндердің ортақ қасиеттерін байқап, атауға дағдыландыру; кілем туралы қысқаша түсінік беру. Дене шынықтыру Педагог жоспарымен</p>	<p>Көркем әдебиет "Қоянның үйшігі". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Қоянның үйшігі" ертегісімен таныстыра отырып, ертегі мазмұны бойынша эмоционалды жауап беруге талпындыру; шығарма мазмұнын зейін қойып, мұқият тыңдауға үйрету; кейіпкерлердің мінездері мен әрекеттері желісін бақылату. Балалардың тілін, танымын, қабылдау қабілетін, есте сақтауын дамыту Дене шынықтыру Педагог жоспарымен</p>	<p>Жапсырудан ойын-жаттығу "Алаша". Мақсат-міндеттер. Балаларды көлденең жатқан қағаздың үстіне солдан оңға қарай жіңішке таяқшаларды бірі-бірінен белгілі қашықтықта орналастырып, бір-бірлеп жапсырып, безендіруге үйрету; желімді пішіндерге қылқаламмен жағып, жапсыруға жаттықтыру; пішіндер үстінен басу іскерлігін пысықтау; балалардың байқағыштығы мен зейінін, қолдың ұсақ моторикасы мен түспен пішінді қабылдау қабілетін дамыту; балаларда декоративтік</p>	<p>Қоршаған орта "Шәйнек". Мақсат-міндеттер. Балаларды үй шаруашылығында қолданылатын затты бақылай білуге үйрету; шәйнектің құрылымы мен адамға тигізер пайдасы туралы негізгі ұғымдарын қалыптастыру; шәйнектің шай беру рәсіміндегі орнына көңіл аударуға баулу. Музыка Педагог жоспарымен Дене шынықтыру Педагог жоспарымен</p>

				шығармашылық қабілет негіздерін салу және жапсыру іс-әрекетіне қызығушылықтарын қалыптастыру; қазақтың ұлттық өнеріне деген мақтаньш сезіміне тәрбиелеу. Дене шынықтыру Педагог жоспарымен	
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Бұлттарды бақылау. Мақсат-міндеттер. Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтарға және тағы басқа бейнелерге ұқсайтындарына көңіл аудару. "Аспанда". Бір бұлт шықты бие болып,	Ағаштарды бақылау. Мақсат-міндеттер. Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан	Ауладағы құстарды бақылау Мақсат-міндеттер. Балаларды құстардың шиқылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. ! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі	Желді бақылау. Мақсат-міндеттер. Балаларды, ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары)	Көктемгі ауа райын бақылау. Мақсат-міндеттер. Балаларға көктем мезгілі жөнінде жалпы түсініктер беру, күннің жылынуына, құстардың қайтып келуіне назар аудару; қардың еріп жатқанына, адамдардың жеңіл киім киінгенін байқату; ойлау қабілеттерін, зейінді, жағымды

	<p>Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып. Қ. Мырзалиев.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p>	<p>түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p>	<p>орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.</p>	<p>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p>	<p>эмоцияларды дамыту.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
<p>Түскі ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну,</p>				

	<p>әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	<p>"Мейірімді мысық" (белді бүгіп, басты жоғары көтеру).</p> <p>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.</p> <p>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)</p>				
Бесін ас	<p>"Қолды қалай дұрыс жуу керек».</p> <p>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру.</p> <p>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сүрту керектігін көрсету.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Ертегілер елі</p> <p>«Түлкі мен қасқыр»</p> <p>Мақсаты: ертегі мазмұнын түсініп, кейіпкерлерге жанашырлық танытады.</p>	<p>Эстафеталық ойын</p> <p>«Кедергілерден өту»</p>	<p>Би үйірмесі</p> <p>Педагог жоспарымен</p>	<p>Қуыршақ театр</p> <p>«Бауырсақ»</p> <p>Мақсаты: ертегісін оқып беру. Балалардың сөйлеу, есте сақтау, тілдік қорын дамыту.</p>	<p>Қауіпсіздік ережесі</p> <p>«Баспалдақпен жүру ережесі»</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Раянаға әртүрлі түстерді ажыратуды үйрету.</p>	<p>Азиздің түсті қабылдау және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p>	<p>Адияға таныс құстардың атын атауға үйрету</p>	<p>Алинұрды ертегіні мұқият тыңдауға тәрбиелеу.</p>	<p>Мариямға ағаштар туралы жеке әңгіме жүргізу.</p>

<p>Серуенге дайындық</p>	<p>"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".</p> <p>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>
<p>Серуен</p>	<p>Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)</p>
<p>Кешкі ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка)</p> <p>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояу, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)</p> <p>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дамытушы ойындар. (сенсорика)</p> <p>Табиғат бұрышын қарастыру. (қоршаған ортамен танысу)</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Әңгімелесу: "Баланың Наурыз мерекесі жайындағы алғашқы ұғымдарын қалыптастырамыз", "Баланы Наурыз мерекесіне дайындыққа қалай қатыстыруға болады?"</p>

Тексерген:-----

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы

Тобы: «Балбөбек» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жасалған кезеңі: 20.03- 24.03.2023 ж.

Педагогтың аты-жөні: Егеубаева Л.Е , Касейнова Г.К

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "2-3 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?", "Баланы шығарманың бас кейіпкерлерін есте сақтауға үйрету", "Көркем шығарманың бас кейіпкерлері айтатын сөздерін есте сақтаудың маңызы".				
Балалардың дербес әрекеті	Дидактикалық ойын «Тостағанға тостақ таңдап ал»				Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Шай ішуге

<p>(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Мақсат-міндеттер. Балаларға заттарды түсі бойынша сәйкестендіруді жалғастыру: сары табақша мен сары кесе және т.б.</p>				<p>шақырамын".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға мысық, күшік, тауық сияқты жануарлар мен құстарды шақыратын сөздерді айтқызып, жағымды эмоцияларын дамыту, тілін жаттықтыру; үй жануарларының адамның жанында болатыны туралы ұғымдарды қалыптастыру.</p>
<p>Таңертеңгі жаттығу</p>	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>(дене шынықтыру)</p>				
<p>Таңғы ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.</p> <p>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>				
<p>Білім беру ұйымының кестесі</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>"Бір-бір кесе</p>				<p>Қоршаған орта</p> <p>"Сиқырлы</p>

<p>бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>алайық". Мақсат-міндеттер. Балаларды көркем сөзді айтып, білгілі қимылдарды жасауға үйрету; дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; қуанышқа бөленуге баулу.</p> <p>- Дастархан дайын болса, (алақандарды өзара уқалау)</p> <p>Қонақтарға жайылса. (шапалақтау)</p> <p>Бір-бір кесе алайық, (екі алақанды қырынан қосып, кесе ұқсас пішінді құру)</p> <p>Суыды ма, қарайық. (жасанды кесе ішіне, алақандардың ішкі жағына үрлеу)</p>				<p>сандықшалар" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға көлемі бес түрлі заттарды ажыратып, оларды бір үлкен сандықшаға жинауға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, көзбен мөлшерлеу қабілетін дамыту; жағымды әсер алуға мүмкіндік жасау</p> <p>Музыка</p> <p>Педагог жоспарымен</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Педагог жоспарымен</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
<p>Серуен</p>	<p>Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>				<p>Ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>

<p>Мақсат-міндеттер. Балаларды, ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.</p> <p>Желдің соққанын байқайық,</p> <p>Желектерге бір қарайық:</p> <p>Жел бұталарды шайқайды,</p> <p>Жапырақтармен ойнайды.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа,</p>			<p>Мақсат-міндеттер. Балалардың ағаштардың құрылымы туралы ұғымдарын жетілдіру; ағаштардың бүршік атқанын байқату; зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>- Аулада өседі ағаштар,</p> <p>Бау-бақшада тұрады қатар-қатар.</p> <p>Созады көп бұтақтарын,</p> <p>Желге желпілдеп, шайқалып.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу;</p>
---	--	--	--

	еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.				шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Керуеттегі жаттығулар (дене шынықтыру, дербес әрекет, көркем сөз)				
Бесін ас	"Қолды қалай дұрыс жуу керек». Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сүрту керектігін түсіндіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ертегілер елі «Түлкі мен қоян» Мақсаты: ертегі мазмұнын түсініп, кейіпкерлерге жанашырлық танытады.				Қауіпсіздік ережесі Крандағы су

Балалармен жеке жұмыс	Раянаға әртүрлі түстерді ажыратуды үйрету.				Мариямға ағаштар туралы жеке әңгіме жүргізу.
Серуенге дайындық	<p>"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".</p> <p>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)				
Кешкі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. (мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка)</p> <p>Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояу, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)</p> <p>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дамытушы ойындар. (сенсорика)</p> <p>Табиғат бұрышын қарастыру. (қоршаған ортамен танысу)</p>				

	олармен ойнау және эксперимент жасау.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "2-3 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?", "Балаға шығарманың бас кейіпкерлерін есте сақтауға үйрету", "Көркем шығарманың бас кейіпкерлері айтатын сөздерді есте сақтаудың маңызы".

Тексерген-----

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы

Тобы: «Балбөбек» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жасалған кезеңі: 27.03- 31.03.2023 ж.

Педагогтың аты-жөні: Егеубаева Л.Е , Касейнова Г.К

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "2-3 жасар балалар үшін үстел ойындарын таңдау ерекшеліктері", "Ойыншықтардың материалдары мен сапасы", "Ойыншықтар не үшін керек?".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Алынбалы-салынбалы ойыншықпен ойнау" . Мақсат-міндеттер: балаларда жағымды көңіл-күйдің пайда болуы үшін мүмкіндіктер жасау, ойлауды, зейінді, ұсақ қол моторикасын дамыту.	"Ою саламыз" саусақ жыттығыуы. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру; ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту	"Үлкен - кіші" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың үлкендігі және кішілігі туралы мәлімет беру.	«Теңге алу» қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың тапқырлығы мен ептілігін дамыту, ұлттық ойын арқылы татулық пен адамгершілікке тәрбиелеу.	"Түсі бойынша қою" ойыны. Мақсат-міндеттер: түсті ажырату бойынша жұмысты жалғастыру. Бір үлкен қорапта текшелер мен шарлар бар.
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)				
Білім беру ұйымының кестесі	Сөйлеуді дамыту	Сенсорика	Көркем әдебиет	Сурет салу	Қоршаған орта

<p>бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>"Мен Бауырсақпын"</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың тілін дамыту, есте сақтау, тақпақты айта отырып, жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілеттерін дамыту; "Бауырсақ" кейіпкерінің сөздерін пысықтау.</p> <p>Бауырсақтың "Бауырсақ" ертегісі кейіпкерлерінің жеке суреттерін немесе ойыншықтарын қолдануға болады.</p>	<p>Тақырыбы:</p> <p>«Ұшатын көбелектер»</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Білімділік: Балаларды жәндіктермен және түстермен таныстыру.</p> <p>Дамытушылық: Балалардың сөздік қорын молайтып, жәндіктерге деген қызығушылығын дамыту.</p> <p>Тәрбиелілік: Көбелектерге қамқор болуға тәрбиелеу</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Педагог жоспарымен</p>	<p>М. Жұмабаевтың "Бесік жыры" өлеңі".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды М. Жұмабаевтың "Бесік жыры" өлеңімен таныстыра отырып, шығарма мазмұнын мұқият тыңдауға үйрету; "Бесік жыры" өлеңінің тәрбиелік маңызын түсіндіру; шығарма желісін бақылап, көркем сөздер мен қимылдарды белгілі ырғақпен жатқа және ересек адамның соңынан қайталап айтуға жаттықтыру</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Педагог жоспарымен</p>	<p>"Сүлгіні безендірейік".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды қағаз бетіндегі шаршы пішінін бақылап, бұрыштардың ортасын тауып (бояусыз), саусақпен көрсетуге үйрету; саусақты бояуға малып, төртбұрыштың әрқайсысының ортасына тез басып алып, "сүлгіні" безендіруге жаттықтыру; саусақтағы бояудың біткенін байқап, бояуға қайта малып, сурет салуды жалғастыруға дағдыландыру; сүлгіні уақытында қолданып, қағаз бетін таза ұстауға баулу; сүлгінің қол мен беттің және дененің таза болуы үшін қолданылатыны туралы түсініктерді пысықтау</p> <p>Дене</p>	<p>"Асатаяқ".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды асатаяқ құрылымын бақылауға және педагогтың сұрақтарына жауап беруге үйрету; асатаяқтың маңызы туралы түсінік бере отырып, оның аспап ретіндегі ерекшеліктеріне баса көңіл аударуға баулу.</p> <p>Музыка</p> <p>Педагог жоспарымен</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Педагог жоспарымен</p>
---	---	--	--	--	---

				шынықтыру Педагог жоспарымен	
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p>Ауладағы құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды аулаға ұшып келген құстарды бақылауға, қимылдарын жасауға дағдыландыру; құстардың тіршілігі жөніндегі ұғымдарын жетілдіру.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p>	<p>Көктемгі ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға көктем мезгілі жөнінде жалпы ұғымдарды беру, күннің жылынып, құстардың келуіне назар аудару; қардың еріп жатқанына, адамдардың жеңіл киінгенін байқату; ойлау қабілеттерін, зейінді, жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды</p>	<p>Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштардың бұтақтарына қарап, желдің қалай соғатынын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды</p>	<p>Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру.</p>	<p>Ауладағы құстарды бақылау (қимылдары). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын көрсетуге ынталандыру.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы тазалауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттер:</p>

	балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.	сұхбатхананы тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; шымырлыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	(еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.	балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту.
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Алақанға арналған "Кірпі" жаттығуы; тікенек допты алақанға салып айналдыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				

<p>Бесін ас</p>	<p>"Қолды қалай дұрыс жуу керек».</p> <p>Сабынды қалай дұрыс ұстау, қолды сабындау, оны сұрту керектігін түсіндіру.</p> <p>Тәрбиеші қолды не үшін жуу керектігі жайлы сұрақ қояды. Кейін шараның орындалу ретін айтады, түсіндірме жасай отырып көрсету: Алдымен сабынның жан-жағын сипалаймыз, кейін оны сабын салғышқа салып алақанымызды сипаймыз — бірі екіншісін, енді саусақтарды айқастырып "кірпі" жасаймыз. Артынан қолды қалай сұрту керектігін көрсету.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Ертегілер елі «Жеті лақ» Мақсаты: ертегі мазмұнын түсініп, кейіпкерлерге жанашырлық танытады.</p>	<p>Эстафеталық ойын Соқыр теке</p>	<p>Би үйірмесі Педагог жоспарымен</p>	<p>Қуыршақ театр «Алтын балық» Мақсаты: ертегісін оқып беру. Балалардың сөйлеу, есте сақтау, тілдік қорын дамыту.</p>	<p>Қауіпсіздік ережесі «Карандашпен жұмыста абай болу»</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Раянаға әртүрлі түстерді ажыратуды үйрету.</p>	<p>Азиздің түсті қабылдау және қолдың ұсақ моторикасын дамыту.</p>	<p>Адияға таныс құстардың атын атауға үйрету</p>	<p>Алинұрды ертегіні мұқият тыңдауға тәрбиелеу.</p>	<p>Мариямға ағаштар туралы жеке әңгіме жүргізу.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".</p> <p>Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
<p>Серуен</p>	<p>Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>				
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)</p>				

<p>Кешкі ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар</p> <p>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)</p> <p>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, дамытушы ойындар. (сенсорика).</p> <p>Табиғат бұрышын қарастыру. (қоршаған ортамен танысу)</p>
<p>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>Әңгімелесу: "2-3 жасар балаға қандай шығармаларды оқуға болады?", "Балаға шығарманың бас кейіпкерлерін есте сақтауға үйрету", "Көркем шығарманың бас кейіпкерлері айтатын сөздерді есте сақтаудың маңызы".</p>

Тексерген-----

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Балдырған» бөбекжай-балабақшасы

Тобы: «Балбөбек» кіші тобы

Балалардың жасы: 2 жас

Жасалған кезеңі: 03.04- 07.04.2023 ж.

Педагогтың аты-жөні: Егеубаева Л.Е , Касейнова Г.К

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "2-3 жасар балалар үшін үстел ойындарын таңдау ерекшеліктері", "Ойыншықтардың материалдары мен сапасы", "Ойыншықтар не үшін керек?".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Құрылыс материалдарынан құрастыру жаттығуы. "Зымыран". Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелер, призма және цилиндр құрылыс материалдарынан зымыран құрылысын жасауға дағдыландыру; жасалған әрекетінен жағымды әсер ала	«Зымыран» жаттығуы (құрылыс материалдарынан) Мақсат-міндеттер. Балаларға зымыранды текшелерден, призмалардан және цилиндрлік құрылыс материалдарынан құрастыра білуге баулу; жасалған жұмыстан жағымды әсер алу қабілетін	Тақпағын өлеңін мәнерлеп оқу. Аспан, аспан, арайлым! Саған жиі қараймын, Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын!	«Суретті жина» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: кескіндерден тұтас суретті құрастыруды үйрету.	Ритмикалық жаттығу Біз зу-зу ұшақ боламыз (саусақтарды жоғары-төмен қозғау), Моторды қыздырып аламыз (кеуде алдында бүгілген қолдарды өзара айналдыру). Қанатты түзу жайып (қолдарды екі жаққа тік жаю),

	білу қабілетін дамыту.	дамыту.			Аспанға биік ұшамыз (екі қолды жайып, ойын алаңында жан-жаққа жүгіріп "ұшу") -Зуууу! Зуууу!
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемей. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. (мәдени-гигиеналық дағдылары, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамыту "Саяхатшылар әні". Мақсат-міндеттер. Балаларға жиһаздар туралы түсінік беру; ойын арқылы жиһаздармен және оның түрлерімен таныстыру; жиһаз атаулары арқылы балаларды байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру;	Сенсорика "Ғарыштағы бояулар". Мақсат-міндеттер. Балаларды геометриялық пішіндерге жатпайтын пішіндер мен кескіндердің қасиеттерін ажырата білуге үйрету; әртүрлі заттардағы түстер сәйкестігін байқап, топтауға дағдыландыру;	Көркем әдебиет "Құлыншақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды М. Жаманбалиновтың "Құлыншақ" өлеңін педагогтің соңынан қайталап, басқа балалармен қосылып өлеңді мәнерлеп айтуға талпындыру; шығарма мазмұнындағы сөздер мағынасын түсінуге үйрету; үй	Мүсіндеу "Сақина". Мақсат-міндеттер. Балаларды ермексаздың бір бөлігінен домалатып, сопақшалап, таяқша илеп жаттықтырып, дайын таяқша ұштарын бір-біріне тигізіп қосуға үйрету; өз әрекеттерін белгілі жүйеге салуға дағдыландыру. Балаларды түс пен	Қоршаған орта "Ұшақ". Мақсат-міндеттер. Балаларды ұшақпен таныстыра отырып, оның басқа көліктерден маңызды айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету; ұшақтың негізгі бөліктерін атауға дағдыландыру. Музыка Педагог

	жиһаздың күнделікті өмірдегі маңызы туралы ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың жиһаз атаулары арқылы зейіні мен зеректігін, тілі мен есте сақтауын және байқағыштығын дамыту.	бірнеше түстердің қосындысы нәтижесінде жаңа түстердің пайда болуын байқау қасиетін қалыптастыру. Дене шынықтыру Педагог жоспарымен	жануары – құлынның қозғалу ерекшелігін ажыратуға және қимылмен қайталауға машықтау. Дене шынықтыру Педагог жоспарымен	пішінді қабылдауын, танымы мен зейінін дамыту. Балалардың жасалған мүсінге қуануға, өзінің еңбегінің нәтижесін бағалай білуге тәрбиелеу. Дене шынықтыру Педагог жоспарымен	жоспарымен Дене шынықтыру Педагог жоспарымен
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
